

**ЖШС «Балапан» бөбекжай- балабақшасының
№1 хаттамасы**

11.09.2023 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Балабақшасының жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Балабақшада оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру

Күн тәртібінде

1. 1. Жазғы – сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды талдау
2. Педагогикалық ұжымды нормативтік құжаттармен таныстыру
3. Жұмыста қолданылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесін бекіту
4. Педагогтарды жұмыс кестесін бекіту
5. Ата-аналар жиналысының тақырыптарын бекіту
6. Қызметкерлерді топтарға орналастыру және талқылау
7. Балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымында болу режимі және мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбие процесіне қатысушылар туралы әкімшілік актілерді бекіту.
8. Топтарда құжаттаманы дайындау және ресімдеу.
10. Жиһазды сурет бойынша белгілеу.
11. Топтардың интерьерін және ойын алаңының жабдықтарын жаңарту.
12. Баланың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ұйымдастыру

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі-Нысанова Балжан Сейдазовна Балабақша педагогтарын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

Шешім.

- 1) Педагогикалық кеңестің құрамына меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, қосымша мамандар тәрбиешілер бекітілсін.
- 2) Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер –сайлансын.

2.Тыңдалды. – Күн тәртібінің бірініші мәселесі бойыншы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды талдау және есебі бойынша балабақша медбикесі Раджаева Барно Абитовна есеп бері. Жазғы сауықтандыру іс – шараларының жоспары 31.06.2023 – 31.08.2023 ж.ж. аралыққа түзілген.

Жазғы сауықтандыру іс – шаралары 01.06.2023ж. басталды. Барлық топқа бес білім саласы бойынша жүктемелер беріліп, әр топта жоспарлар түзіліп бекітілді. Медбике Раджаева Барно Абитовна басшылығымен түзілген кестеге сай шынықтыру шаралары жүргізілді. Медбике Раджаева Барно Абитовна су, ауа, күн ванналары туралы кеңестер беріп, сол кеңес аясында жұмыстар жүргізілді.

Жазғы сауықтандыру іс – шаралары барысында жоспарға сай спорттық «Біз спортты сүйеміз», «Кел шынығайық бәріміз», «Нептун күні», «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыптарында топ аралық сайыстар ұйымдастырылып өткізілді. Жарыс соңында балаларды қатысқаны үшін түрлі ынталандыру сыйлықтары беріліп, марапатталды.

Балалардың актерлік шеберлігін шыңдау мақсатында әр топта сюжетті – рөлді шйындар мен сахналық көріністер ұйымдастырылып өткізілді.

Педагог тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Ертегілер елінде» тақырыбында сахналық қойылым қойылып, балалар бір қуанып қалды.

Ата – аналар мен жұмысты жандандыру мақсатында «Әкем, анам және мен» тақырыбында топтарда толағай сайыстар өткізілді.

Тамыз айында тәрбиешілермен жиналыс өткізіліп, іс – әрекеттің кестелері беріліп, жаңа оқу жылына жоспар түзуге нұсқау берілді.

Жазғы сауықтандыру іс – шаралары «Ата Заңым айбыным» тақырыбында өткізілген концерттік бағдарламамен аяқталды.

Шешім: медбике берілген есебі құжаттармен қоса тігілсін,бектілсін.

3. Тыңдалды Балабақша меңгерушісі:Нысанова Балжан Сейдазовна екінші мәселе және үшінші,төртінші мәселелер бойынша сөз алды Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Тәрбие мен білім беру үрдістері ойын негізінде ұйымдастырлаған іс- әрекеттерді кіріктіру арқылы өткізілетініне басымдылық берілді. Осы негізде өзгертілген үлгілік оқу жоспары мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына талдау жасалынды.

Сөз сөйлеген:- Әдіскер Мирзаева Айнур Алимбаевна жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын.

Сөз сөйлеген:-Тәрбиеші Мауленова Перизат 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

Балабақша әдіскері Мирзаева Айнур осы оқу жылының оқу қызметінің кестесін бекітіп таныстыра кетсем. Яғни бұл кестеде үлгілік оқу жоспарларын тақырыптық пен апталық жүктеме бойынша жасалды. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын;

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасын;

Яғни білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» екендігіне, ондағы өзгерістерге мән бергізді. Сонымен бірге оқу іс-әрекеті емес оқу қызметі екеніне, жаратылыстану, тіл дамыту емес сөйлеуді дамыту, сауат ашу негіздері, валеология емес- қауіпсіз мінез-құлық негіздері, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, аппликация, қоршаған ортамен танысу т.б. өзгерістерге аса мән беріп өтті және осылай айтуға дағдылануларын талап етті. Оқу қызметінің кестесі, анықтамалар, яғни оқу жүктемесі, күн тәртібі т.б. құжаттар бекітіліп таратылды. Биылғы жаңа оқу жылындағы ауқымды өзгерістермен таныстырып өтейін ендігі кезекте 2023-2024 оқу жылына қойылған жылдық міндеттеміз. Көркем шығарманы кейіпкерлендіру (Драматизациялау) барысында балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену;

Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейіпкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективтік жоспарға сәйкес кіріктірілген негізде, ойын

түрінде жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарлары бекітілсін.

2. Оқу қызметінің кестесі бекітілсін

Преспективалық жұмыс жоспары бекітілсін

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2023ж, мамыр 2024ж.

4. **Тыңдалды:** бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ата-аналар жиналысының тақырыптарын бекіту туралы сөз алды. Әдіскер.- Ата-аналар балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату. Мектептің ата-аналармен жұмысының негізгі ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің жұмысы болып табылады. Бүгінгі таңда ата-аналардың мектепке дейінгі ұйым және педагогтары мен қарым-қатынасының сындарлы сипатын қалыптастыру қажет. Тәрбие жұмысының мақсаты ата-аналардың, баланың, мектеп әкімшілігі мен педагогтердің позитивке негізделген тең құқылы достық өзара іс-қимылы, оларға педагогикалық өздігінен білім алуды ұйымдастыруға, балаларды тәрбиелеу бойынша біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға көмек көрсету, оларды балабақша белсенді өзара іс-қимылға тарту болып табылады.. Ата-аналармен балаларды тәрбиелеу және оқыту жауапкершілігі бойынша әңгімелер жүргізілді. Ватсап желісі арқылы «Аналар мектебі» құрылып балабақша ата аналары өз еріктерімен тіркелді. Жарыс сөзге ересек тобының тәрбиешісі Уткелбаева Ділбар сөз алды осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін.Ата-аналарды осы жаңа ұйымдастырылған іс әрекеттерге қосылуды және ата аналар комитеті айына бір рет келіп тұруын атап кетті.

Қаулы қабылдансын:

Ата-аналар мектебінің жоспары бекітілсін.Жауапты балабақша әдіскері ,педагог-психологы медбике жүктелсін.

3. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарлары бекітілсін.

4. Оқу қызметінің кестесі бекітілсін


Преспективалық жұмыс жоспары бекітілсін

ШЕШІМ: Жас мамандармен жұмыс кестесі құрылып – жүзеге асырылсын

Жауапты : Әдіскер:

1. Оқу барысында, көрнектіліктер жыл мезгіліне байланысты безендірулер жасау.
2. Қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру.
5. Тыңдалды:

Менгеруші:



Нысанова Балжан

Хатшысы:



Алимкулов Ермек

ЖШС «Балапан» бөбекжай бақшасы
№2 хаттамасы

27.11.2023 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Таным дағдыларды қалыптастыруда оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, ақпараттың коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланып, балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Күн тәртібінде

№1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

1. «Мемлекеттік білім стандартына сәйкес балабақшадағы танымдық зерттеу іс-әрекетінің пәндік ортасын ұйымдастыру» тәрбиешілерге арналған консультация.
2. Барлық топтардағы эксперименттік әрекеттерді қайталау.
3. Тәрбиешілерге арналған кеңес «Танымдық жұмыстың негізгі бағыттары, ғылыми-зерттеу қызметі»
4. тақырыптық бақылау. «Танымдық зерттеу және эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жағдайы»

1. ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте: 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық

жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;

2. Жас топтарына сәйкес құрылған іс әрекеттер жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын; «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын;

5. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын. Бұл сұраққа балабақша әдіскері жауап берді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, отбасылық эстафеталық жарыс, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы әдістемелік отырыс, балабақшаның "Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Аттестаттау комиссиясының № 1 отырысы өткізілді. Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, балабақша айналасындағы денсаулық жолақшаларымен жүру, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру, таза ауадағы серуенді ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, күн ваннасын қабылдау, массажды кілемшелерде, қырлы тақталарда жалаңаяқ жүру, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, балабақша ауласын түскен жапырақтардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жеке сұрақтар қойылды.

ШЕШІМ: №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

ТЫНДАЛДЫ: Әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қыркүйек айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл бастапқы индикатор. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілермен бірігіп отырып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» негізге ала отырып, бес бағыттағы дағдылар бойынша сұрақтар құрдық. Индикатор жүргізгендегі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. **ШЕШІМ:** Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парағын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты барлық топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі 2023 жылдың қараша, желтоқсан айлары.

Тындалды: - екінші мәселе бойынша балабақша психолог «Танымдық жұмыстың негізгі бағыттары» туралы баяндама оқыды «Мектепке дейінгі баланың психикалық және әлеуметтік дамуы корреляциясындағы ойын терапиясын» пайдаланды. Қоғамның әлеуметтік дамуының негізі, азаматтардың әл-ауқатының факторы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, оның ішінде балаларға мектепке дейінгі білім берудің құрылымын, мазмұнын, тәрбие мен оқыту технологияларын қозғайтын білім беру жүйесін жаңғырту болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру стандартын енгізу балалармен жұмыс жасаудың мазмұнына, түрлеріне, әдістеріне жаңа талаптарды анықтауға ықпал етті, балалармен жұмыс істеудің негізгі бағыттарын белгіледі: физикалық, әлеуметтік-коммуникативті даму, танымдық даму, сөйлеу және көркемдік-эстетикалық даму. Маңызды бағыттардың бірі – «Танымдық даму». Ол балалардың мүдделерін, қызығушылығы мен танымдық уәждемесін дамытуды, танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыруды, сананың қалыптасуын, өзі туралы, басқа адамдар, объектілер, қоршаған әлем объектілерінің қасиеттері мен қатынастары, Жер планетасы, адамдардың ортақ үйі ретінде, оның табиғатының ерекшеліктері туралы алғашқы идеяларды қалыптастыруды қамтиды. Балалармен жұмыс жасаудың әр бағытының мазмұны әр түрлі іс-шараларда жүзеге асырылуы мүмкін: қарым-қатынас, танымдық-зерттеу қызметі, ойын. Дидактикалық мақсаттарға байланысты экологиялық бағдарланған қызметтің келесі түрлері бөлінеді: ғылыми ақпарат алу тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған танымдық (нақты материалды талдау; табиғаттағы

бақылау және олардың нәтижелерін рәсімдеу; зерттеу жұмысының әдістерін меңгеру); тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік (табиғаттағы еңбек, табиғи объектілерді жойылудан қорғау, табиғаттың сирек кездесетін және бірегей объектілерін сақтау, ландшафтты күту, табиғи ортаны жақсарту), құндылық бағдарлары мен бағалау пайымдауларының тәжірибесін алуға бағытталған құндылық-бағдар.Қызметті орындау алгоритмі мыналарды қамтиды: жағдайды бағалау; болжау (жағдайдың қандай болуы керектігін анықтау); бағдарламалау (ол үшін не істеу керек); жоспарлау (қалай істеу керек); іске асыру(жоспарланған әрекеттерді жүзеге асыру); бақылау және түзету (қол жеткізілген нәтижелерді «модельмен» салыстыру және қажет болған жағдайда қандай да өзгерістерді іс-қимылға енгізу).Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық бағдарланған іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түрі – ойын тренингі. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады.

Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.Арнайы ойын ұйымдастырылған іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

ШЕШІМ: Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын і-әрекетте баланың негізгі іс әрекеті ойынға мән беру ертежастан логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында пайдалануды жалғастыру. Баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тәсілдерді іріктеп тиімді пайдалануды жүзеге асыру. **Жауапты топ тәрбиешілері.** Орындау мерзімі 2023-2024 оқу жылы барысында.

Тыңдалды: Интеллектум ойындарының артықшылығы- мастер клас - балабақшамыздаңы интеллектум ойындарынан мастер класс ұйымдастырылды. – Интеллектум – арнайы ойындар көмегімен баланың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдай алуына, шапшаңдығын арттыруға жол ашатын бағдарлама. Интеллектум жүйесінде 32 т үрлі ойын негізінде алынған. Біздің балабақшада 3 ойын түрімен балалардың ойлау жүйесін жақсарту жолында жұмыс атқарамыз. Ойын құралдарының барлығы табиғи заттардан дайындалған, Түркия елінен арнайы тапсырыспен алынған, –

дей келіп, тәрбиеленушілермен бірнеше ойын түрін ойнатып көрсетті.

Сөйледі: тәрбиеші Мастер класстан өзімізге керек көп материалдар алдық. Интелектуал ойындары арқылы баланың танымдық ойлауын жан- жақты қамытуға болатынына көзіміз жетті.

Шешім №2 педагогикалық кеңеске танымдық дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын негізінде өткізу талабы қойылды. Әрекеттер балалардың жас ерекшелігін ескеріп ұйымдастырылсын.

Менгеруші:



Нысанова Балжан

Хатшысы:



Алимулов Ермек

ЖШС «Балапан» бөбекжай бақшасы

№3 хаттамасы

Педагогикалық кеңес отырысы

20.02.2024 жыл

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»

Мақсаты: Педагогтардың, балалар мен ата-аналардың өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, адамгершілік патриоттық тәрбие беру жұмыстарының мазмұны мен формаларын жаңарту.

Күн тәртібінде

1. Өтілген пед кеңесінің шешімдерін орындау
 2. 2. Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру
Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас.
 3. 3. «Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие»
 4. 4 Патриоттық тәрбие беру бұрыштарын қарастыру қорытындысы
- 1.Педагогтар кеңесіне баяндамалар дайындау бойынша кеңес беру.**

Меңгеруші

2. **Рухани жаңғыру** «Менің туған өлкем» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру ересек топ тәрбиешілері

3. Рухани құндылықтар «Халық ауыз әдебиеті – тіл дамытудың негізі» әдіскер Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңесті ашық депжариялап өткен №2 педагогикалық кеңеске танымдық дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын негізінде өткізу талабы қойылған болатын. Әрекеттер балалардың жас ерекшелігін ескеріп ұйымдастырылды. Барлық топта жас ерекшелігіне қарай танымдық дағдыларды қалыптастыратын, күнделікті іс әрекеттерде пайдаланылатын көрнекіліктер жинақталған. **Әдіскер:** Тыңдалды: 2023 – 2024 оқу жылының алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта «Таным» білім беру саласы жүзеге асырылды. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен сиқырлы сандар әлемі, «Интеллектум сырлары» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып кеңінен түсіндірілді. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. Қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен эстафетасы ұйымдастырылды (толығырақ баяндамада)

Сөйледі: Хасанова.Маржан Эстафеталық ойын көңілді болды. Педагогтар арасында жақсы-қарым қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі екінші мәселе бойынша сөз алды.- Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойына із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын біз тәрбиешілерге аса назар аударады. Биыл біздің ұжым өз алдына мынадай жылдық міндет қойып отыр: «Балабақша және отбасы сабақтастығы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». Осы міндетті негізге ала отырып біз, сіздер ата-аналар балаларымызға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керек. Баланың бойына адамгершілік нормаларын меңгерту, еңбекке баулу, жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Әр отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық,

экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Әр отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты – жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға салауатты өмір салтына тәрбиелеу болады. Сондай-ақ әр отбасында адам зиялылығының негізі ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінеді.

Жарыс сөзге балабақша әдіскер Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған. Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек — бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға патриоттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Шешім: Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік патриоттық тәрбие беру тақырыптық бақылау жаслсын. Жапауты балабақша әдіскер жүктелсін

Тыңдалды: Балабақша әдіскері үшінші мәселе бойынша Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше әріптестер ата-аналар балаларымызға білім мен тәрбие беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ отбасының осындай өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани, мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болады.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

Жетілген адам, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» адам тәрбиелеу. Отанын, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлы».

Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы».

Жеті атасын білуге тәрбиелеу.Топтарында іс шаралар жүргізіліп жатыр деп айтып өтті.

Шешім: Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие де берілген тақырыптар бойынша ата-аналар мен ашық есік күндері өткізілсін ұйымдастыру мен қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелсін.

Менгеруші:



Нысанова Балжан

Хатшысы:



Алимкулов Ермек

ЖШС «Балапан» бөбекжай бақшасы
№3 хаттамасы

20.02.2024 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

Ата-аналармен жұмыс – балабақшадағы тәрбие үдерісінің маңызды бөлігі. Ата-аналардың балалардың тәрбиесіне, дамуына және оқуына әсері зор болғандықтан, оларға қолдау көрсету және бірлесіп жұмыс істеу маңызды. Балабақшадағы педагогикалық кеңесте ата-аналармен жұмыс мәселелері бойынша

1. Ата-аналармен қарым-қатынас құру

Балабақша меңгерушісі: Ата-аналармен ашық және конструктивті байланыс Ата-аналармен сенімді және ашық қарым-қатынас орнату. Оларға балаларының білім алу процесі туралы үнемі ақпарат беру, мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жиілігін арттыру.

Әр ата-анамен жеке әңгімелесу, балалардың даму деңгейін, олардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ерекшеліктерін талқылау.

Тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы сенімді байланыс орнату үшін кездесулер мен пікірталастар ұйымдастыру.

Балабақша әдіскер сөз алды Ата-аналарға ақпараттық қолдау көрсету. Балалардың тәртібі мен дамуына қатысты ата-аналарға арнайы кеңестер мен ұсыныстар беру. Балаларға арналған тәрбие мен білім беру бағдарламалары, әдіс-тәсілдер мен жаңа оқу технологиялары туралы ата-аналарды ақпараттандыру. Ата-аналарға балалардың дамуына көмектесетін үй тапсырмаларын немесе арнайы тапсырмаларды беру (мысалы, үйде оқуға арналған кітаптар немесе шығармашылық тапсырмалар).

Тәрбие бойынша бірлескен жұмыс

- Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы бірлескен жұмыс балалардың тәрбиесіне оң ықпал етеді. Бұл үшін тәрбиеші мен ата-ананың көзқарастары мен әдістері сәйкес болуы қажет.

- Ата-аналарды тәрбиелеудің дұрыс тәсілдеріне үйрету, олардың балаға деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру.

- Педагогтар ата-аналарды баланың жас ерекшеліктеріне байланысты тәрбиелік тәсілдермен таныстырып, үйде қолдануға болатын практикалық кеңестер беру.

Балабаша педагог психологы Ата-аналарға психологиялық кеңес беру, балалардың даму ерекшеліктерін түсіндірді.

- Балаларға дұрыс тәрбие беру үшін ата-аналардың психологиялық дайындық деңгейін арттыру, олардың стреске қарсы күрес әдістерін үйрету. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар мен тренингтер ұйымдастыру. Бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды.

- Ата-аналармен бірге балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын іс-шаралар өткізу (мейрамдар, конкурстар, ойындар, көрмелер). Мысалы, шығармашылық жұмыстарды көрсету үшін балалар мен ата-аналар бірлескен көрмелер ұйымдастыра алады.

- Ұжымдық ойындар мен тренингтер арқылы ата-аналарды бала тәрбиесіндегі негізгі принциптер мен әдістерге үйрету.

- Қысқы немесе жазғы демалыстар кезінде табиғат аясында отбасылық экскурсиялар мен экскурсиялар ұйымдастыру.

- Тренингтер мен семинарлар

- Ата-аналарға баланың дамуына көмектесетін тиімді әдістерді үйрететін тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру. Мысалы, балалардың эмоционалдық дамуы, мінез-құлық мәселелері, оқуға ынтаны арттыру әдістері туралы тренингтер.

- Ата-аналар мен педагогтар арасында тиімді қарым-қатынас орнату үшін тренингтер өткізу.

- Жинақталған тәжірибе мен ақпаратты бөлісу

- Ата-аналарға арналған арнайы материалдар, кітаптар немесе буклеттер шығару. Оларда балалардың тәрбиесіне қатысты пайдалы ақпараттар мен ұсыныстар болуы тиіс.

- Әрбір іс-шараның соңында ата-аналар мен тәрбиешілер арасында кері байланыс орнату үшін пікір алмасу.

Ата-аналармен байланыс құралдарын жетілдіру

- Әлеуметтік желілер мен басқа да байланыс құралдарын пайдалану

- Педагогикалық кеңесте ата-аналармен байланыс құралдарын, әсіресе цифрлық технологияларды қолдану мәселесін талқылау.

- Ата-аналармен байланыс орнату үшін WhatsApp, Telegram, арнайы балабақша сайттары немесе әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты тарату.

- Ата-аналар үшін онлайн кездесулер мен консультациялар ұйымдастыру, әсіресе жұмысбасты ата-аналар үшін тиімді болады. Ата-аналардың белсенділігін арттыру

- Ата-аналардың қатысуын ынталандыру


- Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға шақыру. Мысалы, әртүрлі іс-шараларда немесе балалардың оқу процесінде ата-аналардың қатысуы.

- Ата-аналармен бірлесіп жоспарланған шараларды балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыру.

Қорытынды

Педагогикалық кеңес барысында ата-аналармен тиімді қарым- қатынас құру мен оларды балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісіне тарту мәселелері ерекше орын алады. Ата-аналармен бірлескен жұмыс балалардың дамуына, олардың психологиялық әлауқатына оң әсер етеді. Педагогтар мен ата-аналардың ортақ мақсаты – балалардың толыққанды дамуы мен тәрбиесі екенін ескере отырып, ұжымдық жұмыс нәтижелі болатынына сенімді болуға болады.

Меңгеруші:



Нысанова.Б.С

Хатшы :



Алимкулов.Е.Р

ЖШС «Балапан» бөбекжай балабақшасы»

**Тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балаларға
әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары»**

(№3 педагогикалық кеңесте оқылатын баяндама)

Орындаған: Исатаева Б

**2023-2024 оқу
жылы**



Бекітемін
ЖШС «Балапан» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Б.С.Нысанова

Мектепке дейінгі жастағы балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары

Бүгінгі таңда баланы әлеуметтендіру дегеніміз – баланы өмірде өз орнын таба білетін, ұлттық рухани мәдениет пен дәстүрлерді біліп, сақтауға тырысатын, әлеуметтік бейімделген, өзін-өзі дамыту мен үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын ынталы жастарды талап ететін қазіргі қоғамның мәдени ортасына енгізуге бағытталған үрдіс.

Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып табылады. Оның адамгершілік және эстетикалық құндылықтар мен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болады. Баланың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуының үзбей жүзеге асырылуда, яғни білім беру мен тәрбиелеу үрдісінің барлық кезеңдеріне енгізілгенде ғана табысты болатыны шарт. Баланың жеке бас тәжірибесі, балаға қалыпты жағдайда, дербестігін, алғырлығын, қарым-қатынас мәдениетін, айналаға адамгершілік көзқарастарын көрсете білуге ұмтылдыратындай, таным, қарым-қатынас және басқа да қызмет түрлерінің құралдары мен әдістерінің қолжетімді түрлері арқылы ұйымдастырылуы қажет. Ең маңыздысы – топта бала үшін эмоционалды-жайлы климат және педагог пен балалардың мазмұнды жеке-тұлғалық бағытталған қарым-қатынасы болуы, бала ынтасын әрдайым қолдап отыру болып табылады.

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың ең сүйікті де, табиғи, балаға ғана тән қызмет түрі болып табылады. Ойын баланың балабақшада болған уақытының барлық көлемін қамтиды. Ойын кезінде бала өзі туралы, достары туралы, жалпы қоғам туралы түсінік алады, мәліметін толықтырады. Біздің тәрбиелеу-білім беру үрдісінде қызметтің барлық түрінің маңыздылығы және ойын мен қызметтің өзге түрлерінің оңтайлы үйлесуі принципі сақталады. Сондықтан да тәрбиешілер ойынға бөлінген уақыт есебінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті немесе еңбек қызметінің түрлерімен айналыспауға баса назар аударып отырады. Балабақша тәрбиешілері ойынның: сюжетті-рөлді, ережелі ойын, қимылды ойын, спорттық ойын, әр түрлі ұлттық ойындар сияқты түрлерінің дамуына баса көңіл бөліп отырады. Ойын және ойын әдістері қызметтің барлық түрлерінде, күнделікті өмірде және ұйымдастырған оқу әрекетінде қолданылады.

Балабақшаның кіші топтарында режимдік кезеңдерде ойын жағдаятын қолдану киініп-шешіну, киімін ілу, қолын жуу сияқты күніне бірнеше қайталанатын, әрі қызық емес, іш пыстыратын үрдістерді бала үшін қызықты етуге және баланың дербестігі мен белсенділігін арттырып, бәсекелестігін шыңдауға мүмкіндік туғызады.

Балабақшаның барлық топтарының тәрбиелеу –білім беру үрдісінде сюжетті-рөлді ойындар ерекше орын алады. Ойынның бұл түрі баланың ой-өрісін кеңейтіп, айнала қоршаған орта туралы ұғымын қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Балабақшамызда балалардың өз еркімен ойын ұйымдастыруларына да барлық жағдай жасалған. Тәрбиешілер тарапынан бала ойынының сюжетін байыту, баланың ой-қиялын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылған. Ол үшін көркем әдебиет, әңгімелеу және әртүрлі тақырыпқа балалармен әңгімелесу, экскурсия, серуендеу, көрнекі құралдар сияқты әртүрлі әдістер қолданылады.

Барлық топтарда да ойын орталықтары ойыншықтармен толық қамтамасыз етілген, ол жерде бала қалауы бойынша әртүрлі ойын ұйымдастырылады. Әр топ балаларының жас ерекшелігіне, баланың интеллектуалды даму деңгейіне байланысты топ тәрбиешісі ойын сюжетінің тақырыбы мен деңгейін нақты анықтап алады. Мысалы: Ортаңғы тобында, «Сән салоны», «Ұлттық бұрыш», «Дәрігер» т.б. ойын түрлері өткізіледі. .

Педагогтар әдіс-тәсілдердің көптүрлілігін сюжетті дамытуға, ойын барысындағы рөлдерді бөлуге, ойын кеңістігін дұрыс ұйымдастыруға көптеп қолданады. Көбінесе тәрбиешілер ойын процесіне өздері де кірісіп кетіп, ойын әрекеттерінің үлгілерін көрсетеді, ойын ережесімен таныстырады, ойын атрибутикаларын енгізуге көмектеседі.

Балабақша педагогтары мен психологы ойын әрекетінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту бойынша жұмыстар жүргізеді. Тәрбиешілер ойын кезінде балалардың бір-біріне мейірімділігін құптап, бір-бірімен келісімге келуге, бір-біріне жаны ашуға, ойын бойынша серіктесіне сыйластыққа, келіспей қалушылықты әділ шешуге тырысуға үйретеді. Ойынның әртүрлі түрлерін ұйымдастыру кезінде балалардың тілегі, тұлғалық ерекшеліктері мен эмоционалдық жағдайы, сондай-ақ бір-бірімен достық қарым-қатынастары міндетті түрде ескеріліп отырылады.

Сюжетті-рөлді ойындарды ұйымдастырғанда тәрбиешілер балалардың ойындық қарым-қатынасы мен рөлдік қарым-қатынасын дамыту бойынша жұмыс жүргізеді. Ол үшін қимыл-қозғалысты келтіру, өлең-тақпақтарды инсценировкалау, заттарды «тірілтуі» сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады. Бұл әдістер кіші топтардан бастап қолданылады және балаларға өте ұнайды, өйткені балалар өздерін еркін сезініп, өзінің шығармашылық қабілеттерін айқын көрсете алуға үйренеді.

Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне білген балабақша педагогтары ойынды ұйымдастырғанда : ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырады. Сонымен қатар балалардың жыныстық-рөлдік ерекшеліктері де ескеріледі. Тек қыз балаларға немесе тек ер балаларға арналған ойындар немесе араласып ойнайтын ойындар болып ұйымдастырылады. Сюжетті-рөлді ойындарда қыз балалар ананың, үй от анасының рөлін, ұл балалар ерлікті, мықтылықты талап ететін рөлдерді ойнау арқылы болашақтағы өз орындарын айқындауға үйренеді.



«29» тамыз 2023 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ЖОСПАРЫ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1	№ 1 Педагогикалық кеңес Бастапқы Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру» Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау Күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы 3. ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну 4. ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекіту 5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту 6. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 7. Ағымдағы мәселелер: ➤ Оқу жұмыс жоспары ➤ бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту ➤ Өзіндік білім көтеру тақырыптары; ➤ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі; ➤ Педагогтарды марапаттау және мадақтау; ➤ Топ балалар тізімдері ➤ Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру ➤ Әдістемелік кеңес құрамын бекіту;	Тамыз	Меңгеруші Нысанова Б. Әдіскер Мирзаева А. Меңгеруші Нысанова Б. Меңгеруші Нысанова Б. Меңгеруші Нысанова Б. Меңгеруші Нысанова Б.	

	Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау			
2	№ 2 педагогикалық кеңес Тақырыптық Тақырыбы: «Көрнекі модельдеу-мектеп жасына дейінгі баланың үйлесімді сөйлеуін дамыту құралы» Өтілу түрі: Іскерлік ойын Күн тәртібі: 1.№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Мнемотехника әдісі» шебер-сынып 3. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру 4. «Өзара әдіс алмасу тиімділігі» презентация 5. Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» 7. Ағымдағы мәселелер Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.	Қараша	меңгеруші Нысанова.Б тәрбиеші Хасанова.М тәрбиеші Мауленова П. Әдіскер Мирзаева.А меңгеруші. Нысанова.Б меңгеруші. Нысанова.Б	
3	№ 3 Педагогикалық кеңес Тақырыптық Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы» Өтілу түрі: «Педагогикалық идеялар аукционы» Күн тәртібі: 1.№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу) 3. «Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны» 4. «Балабақшада балалардың қазақ тілін дамыту әдістері мен тәсілдері» 5. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру –	Қаңтар	меңгеруші. Нысанова.Б тәрбиешілер Жувашева.Д Хасанова.М Әдіскер Мирзаева.А Қазақ тілі педагог: Жувашева. Д Медбике	

	сырқау нәтижесі» 6. Тақырыптық бақылау: «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша бақылау» 7. Ағымдағы мәселелер Келесі педкеңеске тапсырма: «Әдеби ертегі» ойын-викторинасы (шығармашылық топ)		Раджаева.Б меңгеруші. Нысанова.Б	
4	№ 4 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік эстетикалық дамуы» Өтілу түрі: Шығармашылық қобдиша Күн тәртібі: 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. Тақырыптық бақылау қорытындылары - (тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша талдамалық анықтама 3. «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу) 4. «Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру) 5. Шебер сынып: «Сурет салу техникасы» 6. Жедел бақылау: «Өзіндік білім жетілдіру бойынша педагогтер жұмысының деңгейі» «Тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғауға арналған жағдайдың жасалуы» 7. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру 8. Ағымдағы мәселелер Келесі педкеңеске тапсырма: «Эстетикаға бай портфолио» көрмесі	Наурыз	меңгеруші Нысанова.Б әдіскер - Мирзаева.А музыка жетекші Крамер.Н тәрбиеші Хасанова.М әдіскер Мирзаева.А меңгеруші, әдіскер меңгеруші. Нысанова.Б меңгеруші. Нысанова.Б	

5	№ 5 Педагогикалық кеңес Қорытынды Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау. Өтілу түрі: дөңгелек үстел Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі» 1. 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту 4. Арнайы бақылау: «Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету» ▪ Өзін-өзі бағалау ▪ Талдау ▪ Шешім ▪ Жоспар ▪ Әрекет ▪ Мониторинг, даму 5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту 6. Ағымдағы мәселелер Келесі педкеңеске тапсырма: Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша альбом, буклет дайындау.	Мамыр	меңгеруші. Нысанова.Б Әдіскер Мирзаева.А меңгеруші. Нысанова.Б меңгеруші. Нысанова.Б әдіскер Мирзаева.А меңгеруші Нысанова.Б	
---	--	-------	--	--

Уақыты	29 тамыз 2023 жыл
Тақырыбы	«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»
Мақсаты	МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.
Өтілу түрі	Аналитикалық жоспарлау
Күн тәртібі	Күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. Меңгеруші: Нысанова Б.С. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы Әдіскер: Исатаева Б. 3. «Балапан» бөбекжай-балалабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну Меңгеруші: Нысанова Б.С. 4. «Балапан» бөбекжай-балалабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекіту Меңгеруші: Нысанова Б.С. 5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту Меңгеруші: Нысанова Б.С. 6. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру Меңгеруші: Нысанова Б.С. 7. Ағымдағы мәселелер: ➤ Оқу жұмыс жоспары ➤ Білім беру бағдарламасын, шығармашылық жобаларын педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту ➤ Өзіндік білім көтеру тақырыптары; ➤ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі; ➤ Педагогтарды марапаттау және мадақтау; ➤ Топ балалар тізімдері ➤ Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру ➤ Әдістемелік кеңес құрамын бекіту; ➤ Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау
Тапсырма	Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау

Педкеңес төрағасы: Б.С Нысанова – меңгеруші.

Педкеңес хатшысы: М.Хасанова - тәрбиеші

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Мақсаты: МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.

Жүргізілу түрі: Аналитикалық жоспарлау

Қатысқандар: 21

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

Меңгеруші: Нысанова Б.

3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Әдіскер: Мирзаева А.

3. ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну

Меңгеруші: Нысанова Б.

4. ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекіту

Меңгеруші: Нысанова Б.

5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

Меңгеруші: Нысанова.Б

6. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

Меңгеруші: Нысанова.Б

7. Ағымдағы мәселелер:

- Оқу жұмыс жоспары
- Білім беру бағдарламасын, шығармашылық жобаларын педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту
- Өзіндік білім көтеру тақырыптары;
- Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
- Педагогтарды марапаттау және мадақтау;
- Топ балалар тізімдері
- Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру
- Әдістемелік кеңес құрамын бекіту;

Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау

І ТЫНДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі: Нысанова Б.С педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына меңгеруші Нысанова Б, құрамы тәрбиеші-педагогтар, хатшы Маханбетова.А сайлауды ұсынды.

Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы

бірауыздан мақұлданып сайлансын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Мирзаева.А жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Раджаева.Б жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: ЖШС«Балапан» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: ЖШС«Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі: Нысанова Б.С жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты мен міндеті балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар; әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Қаулы етті: ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ: ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшада сараптау комиссиясының және аттестаттаудан өтетін педагогтар құрамын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі: Нысанова Б.С

Сараптамалық топ – педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалайды. Сондықтан «Балапан» бөбекжай-балабақша ішінен сараптама комиссиясының құрамын тағайындау керек, деп кандидаттарды атап өтті. Сонымен бірге 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың перспективалық жоспарын ұсынды.

V ТЫҢДАЛДЫ: 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі. Нысанова Б.С әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Қаулы етті: Әдістемелік нұсқаулық хатты жұмыс барысында қолдану.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

СӨЙЛЕДІ: «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі. Нысанова Б.С Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындады: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде бұйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес «Балапан» бөбекжай-балабақшадағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және «Балапан» бөбекжай-балабақшаның барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Әр апта сайын, дүйсенбіде, жалпы салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталатын жалпы «Балапан» бөбекжай-балабақша жұмысының саптары өткізіледі. іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. «Балапан» бөбекжай-балабақшадағы барлық іс-шаралар мен мерекелер екі мемлекеттік тілде өтеді. Жалпы, «Тілдер туралы Заңды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және ол орындалуда.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі: Нысанова Б.С ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру

тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау.

ЖШС«Балапан» бөбекжай-балабақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер Исатаева.Б, хатшысы Маханбетова.А ұсынды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты.

2023-2024 оқу жылында балабақшаға 145 бала қабылданып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітуге ұсынды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кең түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес төрайымы Нысанова Б.С әртүрлі мәселелерді қарастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі ҚР Білім және ғылым министрінің пдагог қызметкерлерді марапаттау туралы 29.07.2021 №372 бұйрығына сәйкес Ұстаздар күні және Республика күні мерекесіне байланысты ұйым педагогтерін марапаттау мәселесін қарастыруды ұсынып, сөзді бөбекжай кәсіподақ ұйымының төрайымы Исатаева.Б М ұсынды.

1.Кәсіподақ ұйымының төрайымы Исатаева Б.М марапаттауға «Балапан» бөбекжай-балабақша тәрбиешілері: Мауленова.П , Қалбаева.М Жувашева. Д ,психолог Аимбетова.Н марапатталды.

2.Одан әрі «Балапан» бөбекжай-балабақша педагог-психологы Аимбетова.Н, әдіскер Мирзаева.А «Балапан» бөбекжай-балабақшадағы аталған тәрбиешілердің қызмет көрсеткіштерін оқып, оларды марапаттауға ұсынуға қарсы еместігін білдірді.

Ұсынылды: «Балапан» бөбекжай-балабақша Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында аудандық білім бөлімінің Алғыс хатына, меңгеруші: Нысанова Б.С марапатталды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшаның жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

2. Аттестаттаудан өтетін педагогтар тізімі бекітілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер.

3. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

4. Тілдер туралы Заңының орындалысы бойынша жауапты тұлға бекітілсін. Тілдер күніне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай өткізілсін.

Мерзімі: 1-5 қыркүйек

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

6. Мадақтауға үміткер «Балапан» бөбекжай-балабақша тәрбиешілердің көп жылғы нәтижелі еңбегі және қол жеткізген еңбек табыстары үшін марапатқа беруді бірауыздан қолдады.

Педкеңес төрайымы:



Нысанова Б.С.

Педкеңес хатшысы:



Маханбетова А.А

№1 Педагогикалық кеңес баяндамалары

Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоционалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау әрбір мектепке дейінгі мекеме алдында тұрған міндет. Жазғы сауықтыру шаралары тәрбиеленушілерге қызықты көңіл-күй сыйлайды. Жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Б.Раджаева жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, дене тәрбие жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды.

ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту

Құрметті әріптестер! Сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, жұмыстарыңызға толағай табыс тілеймін. Қазір Сіздерді 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспармен таныстырып, алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтемін.

Жылдық жоспардың мақсаты мен міндеті балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады:

- *денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету*, осы бөлімде: тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы; жыл бойы балалардың ауруы, жұмыс істеген күндері бойынша салыстырмалы сандар, арнайы емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиынтық деректер; сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру, жаңадан келген балалардың бейімделу нәтижелерін қысқаша ұсыну қажет. Әрі қарай жалпы тұжырымдар беріледі;

- мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық *деңгейі талданады* (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар;

- *педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері*, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады;

- *тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс* (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа

ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар;

- *әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады.*

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады.

Бұл мәселелер келесі оқу жылына жылдық міндеттерді таңдауды талап етеді.

Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шаралар:

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

Бұл бөлімде кадрлармен жұмыс жүйесі жоспарланады:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту (сараланған тәсілді ескере отырып, педагогтердің әртүрлі санаттары үшін);
- аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
- кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы;
- педагогтердің өз білімін жетілдіруі.

2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

Әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету:

- шығармашылық топтардың жұмысы;
 - педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
 - озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
 - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
 - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
 - жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;
 - кеңес беру;
 - семинарлар, семинар-практикумдар;
 - ашық есік күніне қатысу;
 - шеберлік сыныптары;
 - инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
 - эксперименттік әрекетке қатысу
- әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.

Тәрбие жұмысы. Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және т.б. өткізу).

Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау: педагог-психологтың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

1. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас. Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т. б.):

- балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);

- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.

2. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет. Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарланады.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асыры

**ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшада педагогтарды
аттестаттау ережесімен таныстыру, сараптау комиссиясының
құрамын бекіту**

Қымбатты әріптестер! 2023-2024 оқу жылында бөбекжайда педагог біліктілік санатын алуға өтініш беретін боламыз.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары аттестаттау процесінде:

1) аттестатталушы адамда қызметінің қорытындыларын қарастырады және талдайды;

2) аттестатталушы адамдардың кәсіби құзыреттілігін бағалайды. Аттестатталушы адамдардың біліктілік санаттарын беруді (растAUDY) тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады:

1) білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтердің екінші біліктілік санатын бекітеді, бірінші және жоғары санатты беру (растAUDY) үшін педагогтердің материалдарын дайындайды;

2) аудандық (қалалық) білім бөлімінің аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде педагогтердің бірінші біліктілік санатын бекітеді, жоғары санатты беру (растAUDY) үшін педагогтердің материалдарын дайындайды;

Аттестатталушы адамдарға бірінші және жоғарғы біліктілік санатын білім беру саласындағы уәкілетті орган береді (растAUDY).

Барлық деңгейдегі аттестаттау комиссиясының қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) аттестаттаудан өтуге арналған өтініш
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы дипломның көшірмесі;
- 4) біліктілігін арттыру туралы құжаттың көшірмесін;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 6) бұрын берілген біліктілік санаты туралы куәлігінің көшірмесі (растAUDY) (жоғары білім беру ұйымынан өткен және біліктілік санаттары жоқтардан басқалары).
- 7) тестілеу нәтижелері бар ведомость (жедел өтушілер үшін);
- 8) сараптамалық кеңестің қорытындысы.

Сонымен бірге, әрбір педагог жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен нормаларын сақтау керек. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері педагогикалық әдептің жалпы қағидаттары мен нормаларын басшылыққа алуға:

- тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге, жоғары адамгершілік, патриотизм рухына, қоршаған ортаға ұқыпты

қарауға тәрбиелеуге;

- тәрбиеленушілерде өмірлік дағдыларды, құзыреттіліктерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға міндетті.

Педагог қызметкерлер өз қызметінде заңсыз әрекеттерге жол бермеуі, лауазымдық міндеттерін адал және сапалы орындауы тиіс, өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

Әрбір мектепке дейінгі ұйымда қолданыстағы нормативтік актіге сәйкес «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес» жұмыс істеуі тиіс.

2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

Әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген. Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы

жағдайлар жасау;

- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Мектепке дейінгі ұйым менеджментінің негізі осы процесті басқару болып табылады.

Білім беру процесін ұйымдастыру, жылдық жоспарды әзірлеу білім беру бағдарламасының тұжырымдамасына негізделеді; екінші жағынан, білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымның миссиясын, тұжырымдамасын және даму бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемелік құжаты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін жоспарлаудың алдында тәрбиелеу-білім беру жұмысының жайын жан-жақты және терең талдау, әлсіз және күшті жақтарын айқындау, алдағы кезеңге арналған өзекті міндеттерді анықтау қажет. Жұмысты басшымен нақты жоспарлау, ұжымға негізгі міндеттерді үнемі назарда ұстауға мүмкіндік береді. Жоспар негізгі құжат болып табылады, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметі ұйымдастырылады. Жоспарлауға жүйелі көзқарас мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың жоспарларының нақты ойластырылған құрылымы мен мазмұнымен қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың жоспарларының нақты ойластырылған құрылымы мен мазмұны жоспарлауға жүйелі тәсілді қамтамасыз етіледі. Іске асыру барысында жоспарлар объективті жағдайларға байланысты нақтылануы және түзетілуі мүмкін.

Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындады: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде бұйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес бөбекжайдағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және бөбекжайдың барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекеттік олимпиадалар, интеллектуалды ойындар ерекше орын алады. Бөбекжайдың педагогикалық ұжымы жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді қатысады. Педагогтар газетке, журналға мемлекеттік тілде жазылады. Әр апта сайын, дүйсенбіде, жалпы салтанатты түрде Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталатын жалпы бөбекжай жұмысының саптары өткізіледі. іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. Бөбекжайдағы барлық іс-шаралар мен мерекелер мемлекеттік тілде өтіледі. Жалпы, «Тілдер туралы Заңды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және ол орындалуда.

Топтардағы ағымдық құжаттарды бекіту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында (бұдан әрі – Стандарт) мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша «Әжемнің ертегісі» жобасын әрі қарай жалғастыру, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинарларға қатысу

ЖШС «Балапан» бөбекжай-балабақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер Мирзаева.А хатшысы А.Маханбетова. ұсынды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты.

2023-2024 оқу жылында балабақшаға 145 бала қабылданып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітуге ұсынды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кең түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес төрайымы Б.Нысанова әртүрлі мәселелерді қарастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі ҚР Білім және ғылым министрінің пдагог қызметкерлерді марапаттау туралы 29.07.2021 №372 бұйрығына сәйкес Ұстаздар күні және Республика күні мерекесіне байланысты ұйым педагогтерін марапаттау мәселесін қарастыруды ұсынып, сөзді «Балапан» бөбекжай-балабақша кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.Исатаеваға ұсынды.